

занды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мақсатына сай және тиімді пайдаланылуын бағалау керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы N 413-IV Заңы. // Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" ШЖҚ РМК
2. Сагинова Д. Мемлекеттік мүлікті басқару саласындағы қатынастарды реттеу туралы [Текст] / Д. Сагинова // Бюджеттік мекеме консультанты. - 2012. - № 1. - С. 7-9
3. Табыс пен мүлікті әділ бөлу қағидаларының негізі [Текст] / Ж. Мырзабек // Ізденіс-Поиск (гуман. ғылым. сер.). - 2012. - № 1. - Б. 16-18 : граф. . - ISSN 1560-1722

РЕЗЮМЕ

Разделение государственной собственности на республиканское и коммунальное требует определения принципов и приоритетов управления государственной собственностью и усиления роли государства в процессах экономического развития. Государство устанавливает порядок осуществления имущественных прав государства, включая владение, пользование и распоряжение имуществом, принадлежащим государству на праве собственности. В статье проанализированы виды и принципы государственной собственности, сформированные в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

RESUME

The division of state ownership into republican and communal requires the definition of principles and priorities for the management of state property and the strengthening of the role of the state in the processes of economic development. The state establishes the procedure for the exercise of the property rights of the state, including the possession, use and disposition of property owned by the state on the basis of ownership. The article analyzes the types and principles of state property, formed in accordance with the legislation of the Republic of Kazakhstan.

ӘОЖ: 338.43

Ж.К.Ержанова, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

А.Ж.Байзолов, магистрант

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ КӘСІПКЕРЛІК

Аннотация

Мақалада мал шаруашылығы маңызы мен қажеттілігі сипаттала отырып, БҚО мал шаруашылығын ұйымдастыру көрсеткіштері талданып, мемлекеттік кәсіпкерлікті қолдау шаралары берілген.

Түйін сөздер: ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, кооперация, субсидия, несиелеу.

Ауыл шаруашылығы - шаруашылық салаларының ішіндегі ең ежелгі және табиғат жағдайларына тікелей тәуелді саласы. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы - неғұрлым көп тараған сала. Шындығында, дүниежүзінде халқы ауыл шаруашылығының түрлі

салаларымен айналыспайтын бірде-бір ел жоқ. Ауыл шаруашылығының барлық жерге таралуы оның алуан түрлілігіне байланысты. Ғалымдар шамамен оның 50-ге жуық түрін бөліп көрсетеді. Қазіргі мәлімет бойынша дүниежүзінде бұл салада шамамен 1,3 млрд-тан астам адам еңбек етеді, оған ауыл шаруашылығындағы шаруа отбасыларын қосатын болса, онда ол көрсеткіш 2,6 млрд адамға жетеді. Еңбекке жарамды ер адамдардың ауыл шаруашылығындағы үлесіне сәйкес елдер индустриялы, постиндустриялы және аграрлы болып жіктеледі. Дүние жүзінде экономикалық белсенді халықтың 46%-ы осы салада еңбек етеді

Мал шаруашылығы ауыл шаруашылығының маңызды саласы, ол қалқымызды әртүрлі тағамдармен, жеңіл өнеркәсіпті құнды шикізат өнімдері мен қамтамасыз етеді. Ет, сүт, жұмыртқа және олардан өңделген өнімдер калориялығы жағынан жоғары биологиялық аса құнды азық болып ерекшеленеді. Жүн, түбіт, тері, елтірілер, киім, аяқ киім және т.б. өнеркәсіп тауарларын дайындауға қажетті шикізат көзі болып табылады. Малдың мүйізі мен тұяқтарын, сүйектерін өңдеу арқылы олардан әртүрлі бұйымдар, сувенирлер, түймелер, клей және т.б. заттар жасайды. Кейбір өнімдерінен (ішкі мүшелері мен ұлпаларынан) дәрі -дәрмектер мен препараттар жасалады. Кейбір өнімдерінің қалдықтарынан мал азығы (тартылған сүт, ет-сүйек ұны, сүйек ұны) үшін қолданылады. Малдың қиы бағалы мүшейкалық тыңайтқыш ретінде пайдаланылады. Малдың кейбір түрлерін (жылқы, түйе, өгіз, есек) күш-көлік ретінде пайдаланады. Ауыл шаруашылығының негізгі саласы ретінде мал шаруашылығына қой, ешкі сиыр, жылқы, түйе, шошқа, үй қояны, құс, бал арасын өсіру жатады. Малдың бірнеше түрін өсіру арқылы әртүрлі қажетті тағам мен шикізат өнімдерін қамтамасыз етуге болады.

Батыс Қазақстан облысында 2018 жылы 214 ауыл шаруашылығы кооперативі тіркеліп, оның ішінде тұқымдық түрлендіруге қатысатыны - 102, тұқымдық түрлендіру және мал бордақылаумен айналысатын - 65, мал бордақылаумен айналысатын - 31, сүтті бағытта - 8, өсімдік шаруашылығы бағытында - 8. 2017 жылы облыс бойынша 43 ауыл шаруашылығы кооперативі құрылып, 18 АШК құру жоспары 2,3 есеге артық орындалды, соның ішінде 6 сүтті бағытта жоспар 2 есе артық және 37 етті бағытта жоспар 2,4 есе артық құрылып отыр. 2017 жылы облыс бойынша 10 АШК-не құрал жабдықтармен қамтамасыз етуге 132,8 млн. теңге және 792 мүшесіне ауыл шаруашылығы малдарын сатып алуға 2469,6 млн. теңге несие берілді. Сүт қабылдау пункттерін құру бойынша Таскала ауданында «Таскала Сүт» АШК ауысымына 1 тонна сүтті өңдейтін шағын цехты, Зеленов ауданының «Батыс-Сүт» АШК және Теректі ауданының «Достық» АШК мен «Адал» АШК қуаттылығы ауысымына 2 тонна модульді сүт қабылдау пункттерін іске қосып, жұмыс жасауда. Мал сою пункттерін құру бойынша Зеленов ауданының «Николай и КО» АШК және «Жасыл Ауыл» АШК ауысымына 5-10 бас ірі қара малын соятын модульді мал сою пунктін іске қосты.

Мал сою аландарын жабдықтау бойынша облысымызда Жәнібек ауданында «Қараш» ШҚ, Қаратөбе ауданында «Қоржын» ШҚ, Таскала ауданында «Арай» ШҚ және Шыңғырлау ауданында «Намиев» ШҚ мал сою аландарын жабдықталған. Батыс Қазақстан облысында өткен жылы өсімдік шаруашылығын дамытуға республикалық және облыстық бюджеттерден барлық бағыт бойынша 716,6 млн. теңгеден астам, соның ішінде басым дақылдарды өсіруді субсидиялау бағдарламасы бойынша 605,9 млн. теңге демеу қаржы бөлінді.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасынан түскен мәліметке қарағанда, «екінші нан» аталып кеткен картоптың әр гектары 12 мың теңгеден субсидияланған. Ал, 2010 жылы оның шамасы гектарына 2420 теңгеден субсидияланғанын ескергенде, бір жылдың ішінде мемлекеттің қолдау-көмегі бес есеге өскені көрінеді. Дикандар бақша дақылдарын, көкөністі тамшылата суару жүйесін пайдалана отырып өсірген жағдайда бір гектарға 12 мың теңге емес, 24 мың теңгеден демеу қаржы беріледі, яғни

демеуқаржының мөлшері екі еселенеді. Мұның өзі бұл салаға деген құлшынысты оятқандай болды.

Жалпы, өткен жылы облыстағы бақша өсірумен шұғылданатын шаруашылықтар 19,3 млн. теңге демеуқаржы алған. Бұл 2010 жылғы көмек-қолдау қаржы шамасынан 8,2 млн. теңгеге артық.

Ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісін ұлғайту мақсатында кооперативтерінің құрамына кіріп жұмыс жасауда. Облыстық бюджеттен суландыру жүйесін дамытуға "Батысагросервис" ЖШС-ның жарғылық капиталын ұлғайту арқылы соңғы үш жыл ішінде 700 млн. теңге шамасында қаржы бөлінді. Бұл қаржыға лизингке техника, тұқымдық картоп, тыңайтқыш, тамшылата суару жабдықтары сатып алынып, неміс жабдығымен жабдықталған 2,4 мың тонналық картоп қоймасы мен 2000 шаршы метрлік қысқы жылыжай салынды. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бөлім бастығы Денис Омашевтің айтуынша, өткен жылы жан-жақты қолдау-көмектің арқасында картоптан 55,0 мың тонна өнім алынды. Бұл 2009 жылғы өнім шамасымен салыстырғанда 101 пайызды, 2010 жылғымен салыстырғанда 120 пайызды құрады. Сонымен қатар 50,2 мың тонна көкөніс, 22,1 мың тонна бақша өнімдері жиналды. Картоп пен бақша өнімдерінің мол алынуына байланысты, облыста бұл өнімдерге деген тұрғындар сұранысы қанағаттандырылды. Тек пияз бен ерте пісетін көкөніске сұраныс бұрынғы қалпында қалды.

Биыл облыста тамшылата суаруды кеңірек енгізу жұмыстары өз жалғасын тауып, бұл жүйедегі егістік аумағы 22 гектарға ұлғайтылып, 275 гектарға жеткізу межеленуде. Елбасы биылғы Жолдауында Үкімет пен әкімдерге бес жыл ішінде 500 мыңнан астам жеке үй шаруашылықтары мен шағын фермерлерді кооперативтерге тарту жөнінде тапсырма бергені мәлім. Осыған байланысты ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі алдына ауыл шаруашылығы кооперативтерін кең ауқымда қолдау және жеке қосалқы шаруашылықтарды пайдалану арқылы ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту бағытында үлкен міндеттер қойылып отыр.

«Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» ҚР Заңының өткен жылдың қаңтарынан күшіне енгеніне қарамастан, шаруалар кооперативтердің экономикалық жағынан қаншалықты тиімді екендігін толық сезіне қойған жоқ. Кооперация дегеніміз - ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді экономикалық тұрғыда біріктіру. Мұндағы артықшылықтардың мәні мынада, ең алдымен еңбек өнімділігі артып, өткізетін тауар мол болғаннан кейін өнімге сұраныс тұрақталады, өндіріс қуаты тиімді пайдаланылып, шығын азаяды, маркетингтік ақпаратқа қол жеткізіледі. Ең бастысы, мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіледі. Сондықтан әркім өз бетімен, жеке-жеке өмір сүрудің тиімсіз екендігін түсінетін уақыт жетті.

Одан да бірлесіп ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге бағыт ұстап, сүт өнімдерін қабылдайтын орталық құрылса немесе отбасылық бордақылау және мал сою алаңдары ашылып, орталықтандырылса, ауыл тұрғындарының ұтатыны анық.

«Осыған орай Ауыл шаруашылығы министрлігі «ҚазАгро» еншілес ұйымдары арқылы модульді сүт қабылдау және мал сою орталықтарын алғашқы жарнасыз лизингке беру сызбасын дайындады. Бастапқы жарна ретінде инвестсубсидия (50 пайыз) және сатып алынған қондырғылар кепілге қойылады. Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында кооперативтерді дамыту бағытында мал шаруашылығы өнімдерін субсидиялаудың жаңа бағыттары қарастырылды. Мысалы, кооперативтерде өндірілген сүттің бір литріне 10 теңге, бордақыланған өгізшелердің әр басына 20 мың теңге, қозыға 1500 теңгеден төленеді. Сондай-ақ құрама жем өндірісін арзандату, біржылдық және көпжылдық жемшөп дақылдарын субсидиялау, биылдан бастап кооперативтерді қолдау мақсатында олардың сатып алған құрал-жабдықтарына жұмсалған шығынның 50 пайызын қайтару көзделген. Оған қоса «БІнтымақ» несие бағдарламасы кооперативтерді қосымша қаржыландыруға бағытталса, «Игілік» мал басын көбейтуге,

«Бірлік» сүт қабылдау орталықтарын, «Береке» бағдарламасы отбасылық бордақылау алаңын құруға қызмет етпек. Ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған шағын несие (18 млн. теңге) 7 жылға берілу жоспарлануда.

БҚО ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Серік Нұрмағамбетовтің мәлім еткеніндей, өңірдің бірқатар аудандарында қазірдің өзінде кооперативтер құрылып, жұмыс жасауда. Алдағы уақытта олардың аясы кенейе түседі деуге негіз бар. Себебі кооперативтерге біріккен жеке қосалқы шаруашылықтарды пайдалану арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында биыл Батыс Қазақстан облысына 1 474 млн теңге бюджеттік несие бөлу жоспарлануда.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Есенгелдин Б.С., Мырзатаева Г.Қ., Нұрымова И.Т. Аймақтық еңбек нарығы дамуының әлеуметтік негіздері //ҚарМУ хабаршысы. Экономика сер. —2014. — № 2. — 78–84-б.

2. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: gov.kz

3. Alexandros N. World agriculture towards 2030/2050: the 2012 Revision // Food and Agriculture Organization of the United Nations / N.Alexandros, J.Bruinsma. — [ER]. Access mode: <http://www.fao.org/docrep/016/ap106e/ap106e.pdf>.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается роль и необходимость животноводства, дана динамика основных показателей организации сельского хозяйства в ЗКО, а также предлагаются меры государственной поддержки предпринимательства.

RESUME

The article examines the role and necessity of animal husbandry, gives the dynamics of the main indices of agriculture organization in the WKO, and suggests measures of state support for entrepreneurship.

УДК 338.45

Т.Н. Амангелді, студент

С.М. Есенгалиева, ст. преподаватель

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана, г. Уральск

СОСТОЯНИЕ И ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ МАШИНОСТРОИТЕЛЬНОГО ПРОИЗВОДСТВА В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

В статье раскрыты значение и особенности машиностроительной отрасли. Раскрыты проблемы и перспективы развития отрасли машиностроения Республики Казахстан.

Ключевые слова: машиностроение, экономика машиностроения, промышленность, кластер нефтегазового машиностроения

Машиностроительное производство – это процесс изготовления, создания, выпуска продукции, товаров и услуг путем преобразования исходных ресурсов: сырья, материалов, полуфабрикатов, энергии, информации при одновременном использовании труда в готовом продукте производства.

Для машиностроительного производства характерны следующие основные